

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»  
Республикалық мемлекеттік мекемесі**

Алматы қ.

23.04.2026 ж. сағ. 15:00

**№ 07 ХАТТАМА  
Оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісі**

**Қатысқандар:** (тізім бойынша)

**Күн тәртібі:**

1. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормаларын бекітуге дайындық туралы – *Әбдірахман Гүлнар Бақытқызы – академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы.*
2. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламасының даму жоспарын, түлек моделін, элективті пәндер каталогын (бакалавриат) бекіту туралы – *Әбдірахман Гүлнар Бақытқызы – академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы.*
3. 2026-2027 оқу жылына (бакалавриат, магистратура, докторантура) оқу жұмыс жоспарларын (ОЖЖ) бекіту туралы – *Әбдірахман Гүлнар Бақытқызы – академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы, Кульшанова Арман Айыпбековна – ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы.*
4. 2026-2027 оқу жылына арналған «7М02145 Өнертану» қосдипломды білім беру бағдарламасына өзгеріс енгізу туралы – *Маткерим Дана Адильханқызы - Өнертану факультетінің деканы.*
5. 2026-2027 оқу жылына арналған бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-не оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы – *Токеева Айгерим Даулетовна – мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы.*
6. Білім беру бағдарламалары бойынша бітіру біліктілік жұмыстарын орындау және рәсімдеу бойынша нұсқаулықтарын бекіту туралы – *Бітіруші түлектері бар кафедра меңгерушілері және факультет декандары.*

**Әртүрлі мәселелер:**

7. Шығармашылық жоғары оқу орындарының 2-курс магистранттары арасындағы «Үздік постерлік баяндама» VI Халықаралық байқауының қорытындылары – *Кульшанова Арман Айыпбековна – ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы.*

**Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісіне қош келдіңіздер. Бүгінгі отырыста күн тәртібіне

сәйкес 6 негізгі мәселе және «Әртүрлі мәселелер» бөлімі бойынша 1 мәселе қарастырылатын болады.

## **1 сұрақ**

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Оқу жұмысы бойынша Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысының орынбасары Ертаева Н.А. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормаларын бекітуге дайындық туралы

**Ертаева Н.А.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Аталған мәселе наурыз айындағы Оқу-әдістемелік кеңесте қарастырылған болатын. Ұсыныстарды нақтылау барысында кафедра меңгерушілерінің педагогикалық жүктемесіне қатысты бірқатар сұрақтар туындаған еді. Осыған байланысты барлық кафедра меңгерушілерімен қосымша кездесулер өткізілді. Нәтижесінде жүктемені есептеу тәртібі, әсіресе басқарушылық және педагогикалық жүктемені бөлу мәселесі бойынша нақтылаулар енгізілді. Негізінен, талқылау барысында кейбір кафедра меңгерушілері тарапынан жүктеме бөлуге қатысты келіспеушіліктер болды және ұсыныстар бойынша қайта пысықталды. Айта кету керек, кафедра меңгерушісіне басқарушылық қызметі бойынша 1 бірлік қарастырылған, ал педагогикалық жүктемесі қосымша 0,5 бірлік көлемінде белгіленеді. 3-тармаққа сәйкес, педагогикалық жүктеме келесі көлемде айқындалады: профессор үшін – 330 сағат, доцент үшін – 380 сағат, аға оқытушы үшін – 420 сағат, оқытушы үшін – 450 сағат. Қазіргі таңда енгізілген өзгерістер пысықталып, Оқу-әдістемелік кеңестің қарауына қайта ұсынылды. Ендігі кезекте Ғылыми кеңесте бекітуге ұсынамыз.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Дауысқа салайық. Бір ауыздан мақұлданды.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормаларын бекітуге дайындық туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

## **2 сұрақ**

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы Вырахманова А.С. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламасының даму жоспарын, түлек моделін, элективті пәндер каталогын (бакалавриат) бекіту туралы

**Вырахманова А.С.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, ағымдағы жылдың ақпан және наурыз айларында тиісті құжаттарды ұсыну жөнінде бірнеше рет қызметтік хат арқылы сұраныс жолданған болатын.

Осыған байланысты, бүгінгі күнге дейін ұсынылған құжаттар бойынша ақпаратты назарларыңызға ұсынамыз.

1. Түлек моделі бойынша: жалпы 20 (100%) білім беру бағдарламасы бар. Оның ішінде 14 (70%) құжаттарын ұсынды, алайда ұсынылған құжаттарда бірқатар кемшіліктер анықталды. Ал 6 (30%) білім беру бағдарламасы құжаттарын өткізбеді.

Ұсынылған құжаттардың сапалық көрсеткіштері:

- 10 құжат (50%) белгіленген үлгіге толық сәйкес рәсімделген;
- 4 құжат (20%) белгіленген үлгі талаптарына сәйкес келмейді.

Түлек моделі бойынша анықталған негізгі мәселелер:

- Біліктілік сипаттамалары толық көрсетілмеген;
- Деңгейлер (ҰБШ, СБШ, ISCED) жоқ;
- Құжат құрылымы толық сақталмаған;
- Колонтитулдар жаңартылмаған.

2. Білім беру бағдарламасының даму жоспары бойынша: жалпы 20 (100%) білім беру бағдарламасы бар. Оның ішінде 14 (70%) құжаттарын өткізді, ал 6 (30%) құжаттарын өткізбеді. Ұсынылған құжаттардың ішінде тек 2 құжат (10%) белгіленген үлгіге толық сәйкес рәсімделген, ал 12 құжатта (60%) ескертулер бар.

БББ даму жоспары бойынша анықталған негізгі мәселелер:

- Көрсеткіштерді есептеу әдістемесі жоқ (1–4 қосымшалар);
- Құжат құрылымы сақталмаған;
- Құжат мазмұны толық емес;
- Құжаттар Академияның даму жоспарына сәйкес жаңартылмаған және өзара сәйкессіздіктер бар.

Осыған байланысты, құжаттарды қайта қарап, түзетулер енгізулеріңізді сұраймыз.

3. Элективті пәндер каталогы бойынша: жалпы 20 (100%) білім беру бағдарламасы бар, оның ішінде 12 (60%) құжаттарын өткізді. Қалған 8 (40%) білім беру бағдарламасы бойынша ЭПК жоқ.

Элективті пәндер каталогы бойынша анықталған негізгі мәселелер:

- Құжат рәсімдеу талаптары сақталмаған;
- Беттер нөмірленбеген;
- Колонтитулдар жаңартылмаған;
- Техникалық қателер бар.

*Жалпы қорытынды:*

- Білім беру бағдарламалары бойынша құжаттаманың толықтығы жеткіліксіз;
- 30% білім беру бағдарламалары бойынша негізгі құжаттар ұсынылмаған;
- Ұсынылған құжаттардың басым бөлігі ескертулермен берілген және белгіленген үлгі талаптарына толық сәйкес келмейді;
- Білім беру бағдарламаларының даму жоспарлары бойынша тек 10% құжат толық талаптарға сәйкес, қалғандары толықтыруды қажет етеді;
- Түлек модельдері мен даму жоспарларында мазмұндық кемшіліктер жүйелі сипатқа ие;

- Элективті пәндер каталогы бойынша өзгерістер енгізілгенімен, құжаттарды рәсімдеу сапасы біркелкі емес.

*Басқарушылық қорытынды:*

- ББ құжаттамасының ағымдағы жай-күйі құжаттарды бекіту рәсімін аяқтауға мүмкіндік бермейді;
- ББ жетекшілері тарапынан ішкі бақылауды күшейту қажет;
- ББ құжаттамасын толықтыру және сәйкестендіру жұмыстарын 2026 жылғы 10 мамырға дейін міндетті түрде аяқталуы тиіс.

Барлық кафедра меңгерушілері мен ББ жетекшілеріне құжаттарды рәсімдеу бойынша үлгілер алдын ала жолданған. Алайда, белгіленген талаптар мен берілген үлгілерге қарамастан, құжаттар толық көлемде ұсынылмады. Осыған байланысты, белгіленген мерзімде құжаттар толық әрі талапқа сай түрде ұсынылмаған жағдайда, тиісті тәртіптік шаралар қолданылатынын ескертеміз.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Құрметті әріптестер, келесі Оқу-әдістемелік кеңеске дейін құжаттар толық көлемде және белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылмаған жағдайда, ректордың атына ресми баяндама жазылатын болады. Тиісті тәртіптік шаралар қолданылатынын қатаң түрде ескертеміз.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

2. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламасының даму жоспарын, түлек моделін, элективті пәндер каталогын (бакалавриат) бекіту туралы есебі қабылдансын.

2.1. Білім беру бағдарламаларының құжаттамасын толықтыру және қолданыстағы талаптарға сәйкестендіру жұмыстарын 2026 жылғы 10 мамырға дейін аяқтау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

### **3 сұрақ**

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Оқу жұмысы бойынша Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысының орынбасары Ертаева Н.А. және Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі басшысының орынбасары Тлеулинова Ж.А. 2026-2027 оқу жылына (бакалавриат, магистратура, докторантура) оқу жұмыс жоспарларын (ОЖЖ) бекіту туралы

**Ертаева Н.А.:** Құрметті Оқу-әдістемелік кеңес мүшелері! Сіздердің назарларыңызға 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарларын бекіту ұсынылады. Оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №152 бұйрығына сәйкес әзірленді. Аталған бұйрыққа сәйкес оқу жұмыс жоспарын қалыптастыру және бекіту тәртібін жоғары оқу орны дербес айқындайды. Оқу жұмыс жоспарлары 2-5 курс студенттеріне, қысқартылған және екінші жоғары білім беру бағдарламаларына арналған. Жалпы саны – 88 оқу жұмыс жоспары, оның ішінде 17 қысқартылған және 7 екінші жоғары білім беру бағдарламаларына тиесілі.

Оқу жұмыс жоспары нақты оқу жылына арнап әзірленеді, себебі ол білім алушылардың жеке оқу траекториясы мен элективті пәндерді таңдауына байланысты жыл сайын нақтыланып отырады. Ұсынылып отырған оқу жұмыс жоспарлары барлық білім беру бағдарламаларын қамтиды, олардың тізімі слайдтарда көрсетілген. Осыған байланысты 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарларын келісіп, бекітуге ұсынамыз. Назарларыңызға рахмет!

**Тлеулинова Ж.А.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі (магистратура және докторантура) бойынша 2026-2027 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларындағы өзгерістер туралы айтатын болсақ: магистратура бойынша – 10, докторантура бойынша – 6 білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарларын бекіту жоспарлануда. Биылғы қабылдау ерекшеліктеріне байланысты оқу жоспарларына бірқатар өзгерістер енгізілді.

*1. Магистратура бойынша өзгерістер.* Оқу жұмыс жоспарлары МЖМБС талаптарына сәйкес қайта қаралды.

1) Жоғары оқу орны компоненті (ЖК): бұрын ЖК құрамында міндетті пәндер нақты белгіленсе, жаңа талаптарға сәйкес тек құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған пәндер ретінде қарастырылды. Осыған байланысты кафедра меңгерушілері мен декандардың қатысуымен 4 рет талқылау жүргізіліп, келесі өзгерістер енгізілді:

- «Ғылым тарихы мен философиясы» пәні сақталды;
- «Шет тілі» пәні құрылымдық тұрғыдан қайта қаралып, «Кәсіби шетел тілі» ретінде дербес пән болып енгізілді;
- «Педагогика» және «Психология» пәндері біріктіріліп, «Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы» пәні қалыптастырылды;
- Психологиялық-педагогикалық цикл аясында «Оқыту әдістемесі мен әдістері» (3 кредит) атты жаңа пән енгізілді.

2) Таңдау компоненті (ТК): ББ бойынша 3 кредиттік жаңа пән енгізілді.

3) Бейіндеуші пәндер циклі (БеП): жалпы көлемі 33 кредитті құрайтын пәндер блогына 1 жаңа пән (4 кредит) қосылды және Бейіндеуші пәндердің кредиттік көлемі 6 кредиттен 8 кредитке дейін ұлғайтылды.

4) Базалық пәндер циклі (БП): «Кәсіби шетел тілі» – 3 кредит және «Өнердегі креативті менеджмент» – 3 кредит жаңа пән енгізілді;

Таңдау компоненті бойынша ББ қатысты 4 кредиттік жаңа пән енгізілді.

*2. Докторантура бойынша өзгерістер.* Докторантура деңгейінде теориялық оқыту құрылымы негізінен сақталды.

Базалық пәндер (БП): «Академиялық хат» және «Ғылыми зерттеу әдістері» (өзгеріссіз қалды).

Жоғары оқу орны компоненті және/немесе таңдау компоненті: «Қазақстан өнеріндегі қазіргі заманғы көркемдік әдістердің пәнаралық байланысы» – 3 кредит (жаңа пән) енгізілді.

Бейіндеуші пәндер циклі (БеП): жалпы кредит көлемі оңтайландырылып, бұрынғы 180 кредиттен жоғары көрсеткіш қысқартылды.

3. *Жаңа білім беру бағдарламасы: 2026-2027 оқу жылына жаңа 7M02180 «Анимация өнері» білім беру бағдарламасы (ғылыми-педагогикалық бағыт, оқу мерзімі – 2 жыл) ашылды. Аталған бағдарлама бойынша оқу жұмыс жоспарлары толық әзірленіп, бекітуге ұсынылады. Сұрақтарыңыз болса, қойсаңыздар.*

**Ергөбек Ш.Қ.:** Әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ. Бір ауыздан мақұлданды.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

3. 2026-2027 оқу жылына (бакалавриат, магистратура, докторантура) оқу жұмыс жоспарларын (ОЖЖ) бекіту туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

#### **4 сұрақ**

##### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Өнертану факультетінің деканы Маткерим Д.А. 2026-2027 оқу жылына арналған «7M02145 Өнертану» қосдипломды білім беру бағдарламасына өзгеріс енгізу туралы

**Маткерим Д.А.:** Оқу жұмыс жоспарына енгізілген өзгерістер БББТ: M034 – «Өнертану» (қос дипломдық бірлескен білім беру бағдарламасы, ғылыми-педагогикалық бағыт, 2025–2027 жж.) бойынша Әзірбайжан ММӨУ талаптарының жаңартылуына байланысты жүзеге асырылып отыр. Бекітілген оқу жұмыс жоспары «Академиялық жазылым» және «Зерттеу аналитикасы» пәндерімен толықтырылды. Аталған пәндер Әзірбайжан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен міндетті пәндер тізбесіне сәйкес келеді (өзгеріс 08.05.2025 ж. Бұйрық 3-29/3-2-548/225) және Әзірбайжан ММӨУ білім беру стандарттары негізінде айқындалған. Осыған байланысты оларды оқу жұмыс жоспарына енгізу қос дипломдық бірлескен білім беру бағдарламасының мазмұндық сәйкестігін қамтамасыз етеді.

1. *Академиялық жазылым. Пәннің мақсаты:* Білім алушыларды академиялық жазылымның және ғылыми коммуникацияның негіздеріне үйрету, ауызша және жазбаша сауатты, нақты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ ғылыми мақалалар, диссертациялар, эсселер және басқа да академиялық мәтіндерді жазуға даярлау. Пән кәсіби деңгейде конференциялар, симпозиумдар, семинарлар мен ғылыми пікірталастарда баяндама жасау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ академиялық адалдық пен жарияланым этикасы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. *Пәннің сипаттамасы:* Пән академиялық стиль мен ғылыми мәтін құрылымының қағидаларын меңгеруге бағытталған. Курс аясында мәтінді логикалық тұрғыда құрастыру, дәлелдеу, дереккөздерді сыни талдау, дұрыс дәйексөз келтіру және халықаралық стандарттарға сәйкес әдебиеттер тізімін рәсімдеу ережелері қарастырылады. Академиялық адалдық, плагиаттың алдын алу және ғылыми жарияланымдардың этикалық нормаларын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар пән аясында ғылыми ортада ауызша

коммуникация және презентация дайындау дағдылары дамытылады. *Оқу нәтижелері:*

- академиялық жазылым және ғылыми стиль нормаларын меңгеру;
- ғылыми мәтінді құрылымдау және логикалық жүйелеу қабілеті;
- ғылыми мақалалар, эсселер және диссертациялық зерттеу элементтерін жазу дағдылары;
- дереккөздерді дұрыс пайдалану және сілтемелерді рәсімдеу;
- академиялық адалдық пен жарияланым этикасы қағидаларын сақтау;
- көпшілік алдында сөйлеу және ғылыми презентация жасау дағдыларын дамыту.

*2. Зерттеу аналитикасы. Пәннің сипаттамасы:* Пән өнертану саласындағы аналитикалық және зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған. Курс ғылыми талдау әдістерін, көркем шығармаларды интерпретациялау тәсілдерін, сапалық және сандық деректермен жұмыс істеуді, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдардағы заманауи зерттеу тәсілдерін меңгеруді қамтиды. Ғылыми зерттеу әдіснамасына және диссертациялық жұмыстарды дайындауға ерекше көңіл бөлінеді. *Оқу нәтижелері:*

- ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздерін түсіну;
- өнертанудағы талдау және интерпретация әдістерін меңгеру;
- ғылыми мәселені, мақсат пен міндеттерді тұжырымдай алу;
- ғылыми деректер мен дереккөздермен жұмыс істеу дағдылары;
- дербес зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін ұсыну қабілеті.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

4. 2026-2027 оқу жылына арналған «7М02145 Өнертану» қосдипломды білім беру бағдарламасына өзгеріс енгізу туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

#### **5 сұрақ**

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы Токеева А.Д. 2026-2027 оқу жылына арналған бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-не оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы

**Токеева А.Д.:** Сіздердің назарларыңызға 2026–2027 оқу жылына арналған бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-не оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы мәселені ұсынамын. Оқуға қабылдау қағидалары нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзектендірілді, атап айтқанда:

- 1) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына;
- 2) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына;

3) Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығына;

4) «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығына;

5) «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығына;

б) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне.

Қағидаларға енгізілген негізгі өзгерістерге тоқталсам:

- әрбір білім беру бағдарламалары топтары бойынша шекті баллдар қайта қаралып, бекітілді;
- ақылы негізде оқуға шекті балл жинаған талапкерлер арасында конкурс өткізу тәртібі нақтыланды;
- құжат құрылымына өзгерістер енгізіліп, 5-тармақ 2-тармақпен ауыстырылды;
- кәсіби бағдар беру мақсатында өткізілген конкурс ережелерінің өзгеруіне байланысты 3-тараудың 27-тармағы алынып тасталды.

**2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары топтары бойынша шекті баллдар**

№	Білім беру бағдарлама топтары атауы	Шекті балл
1.	B023 Режиссура, арт-менеджмент	70
2.	B024 Өнертану	65
3.	B027 Театр өнері	100
4.	B108 Сценография	65
5.	B028 Хореография	70
6.	B029 Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	70
7.	B103 Кино және теледидар режиссурасы	80
8.	B105 Анимация режиссурасы	80
9.	B106 Операторлық және фото өнері	70
10.	B030 Бейнелеу өнері	65
11.	B031 Сән, дизайн	75
12.	B109 Сәндік өнері	65
13.	B110 Фэшн дизайны	65
14.	B101 Дәстүрлі музыкалық өнері	65
15.	B102 Эстрада өнері	65

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған қағидалар талапкерлерді қабылдау үдерісінің ашықтығын, әділдігін және қолданыстағы заңнамаларға толық сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты, 2026-2027 оқу жылына арналған бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидаларын бекітулеріңізді сұраймын. Назарларыңызға рахмет!

**Ергөбек Ш.Қ.:** Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

5. 2026-2027 оқу жылына арналған бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-не оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

**6 сұрақ**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бітіруші түлектері бар кафедра меңгерушілері және факультет декандары Білім беру бағдарламалары бойынша бітіру біліктілік жұмыстарын орындау және рәсімдеу бойынша нұсқаулықтарын бекіту туралы

**Абельтаева Ж.Е.:** Добрый день, уважаемые члены учебно-методического совета! Представляю вашему вниманию методические рекомендации по выполнению и оформлению выпускной квалификационной работы образовательной программы 6В02194 «Искусство эстрады/Артист эстрадного оркестра». Чтобы время не задерживать, я просто структуру покажу, как у нас проходит дипломная работа. У нас без изменений два блока. Исполнение программы исполнительской по специальности, по ансамблю и по оркестру. Это один исполнительский блок, как обычно в один день проходит. Второй блок защита письменной работы дипломной. Здесь сделали дипломного проекта. Наш дипломный проект около 50 страниц. Методические рекомендации содержат все необходимые требования к оформлению и содержанию дипломной работы, а также критерии оценки и этапы выполнения, которые структурированы и приведены в полном объеме. Спасибо большое.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

**Нурмолдин С.Ж.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! 6В02179 – «Дәстүрлі музыкалық өнер» білім беру бағдарламасы бойынша дипломдық жобаға қойылатын негізгі талаптар: дипломдық жұмыс көлемі кемінде 25 бет, құрылымы: кіріспе, практикалық бөлім, әдебиеттер тізімі және қосымшалар. Әдебиеттер саны – кемінде 25 дереккөз. Дипломдық жоба 2-3 студенттен тұратын топпен, ғылыми жетекшімен орындалады және белгіленген талаптарға сай рәсімделеді. Академиялық адалдық қатаң сақталады, барлық жұмыстар плагиатқа тексеріледі. Тақырып өзекті әрі практикалық маңызы бар болуы тиіс. Жетекшілік ғылыми дәрежесі бар оқытушылар тарапынан жүзеге асырылады.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

**Мусаева А.А.:** Біздің бітірушілер дипломдық жұмыстарын да, жобаларын да 2 түрде қорғайды. Біліктілік жұмыстарын орындау және рәсімдеу бойынша кіріспе, мақсаты, критерийлері және 10 оқу нәтижелері бар, барлығы талапқа сай.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

**Мырзашева А.Т.:** По образовательным программам 6В02181 «Операторское искусство» и 6В02182 «Аудиопроизводство» разработаны методические рекомендации и требования к выпускной работе. У студентов направления «Операторское искусство» выпускная работа включает фильм продолжительностью до 15 минут и дипломную записку, в которой описываются все стадии производства и съемочного процесса. По направлению «Аудиопроизводство» выпускная работа представляет собой звуковое решение художественного визуального произведения продолжительностью не менее 10 минут с установленными требованиями. В случае анимационной работы допускается меньшая продолжительность – менее 10 минут. Также предусмотрена теоретическая работа, в которой раскрываются технологии записи и монтажа, а также формирование звуковых фактур фильма. Спасибо большое.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

**Талдыбаева А.С.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! 6В02188 «Сәндік өнер» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар дипломдық жоба орындайды. Ол практикалық жұмыстан және түсіндірме жазбадан тұрады. Рәсімдеу талаптарына сәйкес кіріспе, жобаның мақсаты мен міндеттері, критерийлері және оқу нәтижелері толық қамтылған. Барлығы бекітілген талаптарға сай орындалады.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

**Молдахметова А.Т.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Хореография педагогикасы білім беру бағдарламасы бойынша студенттер 25-40 бет көлемінде дипломдық жұмыс орындайды. Жұмыста жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде практикалық мысалдар келтіріледі. Балетмейстерлік өнер білім беру бағдарламасы бойынша студенттер дипломдық жоба орындайды. Жоба аясында ұзақтығы 30 минутқа дейінгі балеттік қойылым дайындалады. Қойылымға сәйкес 15-20 бет көлемінде теориялық түсіндірме жазба ұсынылады.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Бір ауыздан қабылданды.

**Абельдинов А.К.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Анимация режиссурасы білім беру бағдарламасы бойынша дипломдық жұмыс қысқаметражды анимациялық фильм түрінде орындалады. Фильмнің ұзақтығы 2 минуттан кем болмауы тиіс және қазақ және орыс тілдерінде дайындалады. Теориялық бөлімі белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделеді.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Бір ауыздан қабылданды.

**Умбетова К.Ж.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Кескіндеме, Мүсін және Графика білім беру бағдарламалары бойынша бітіру біліктілік жұмысы дипломдық жоба түрінде орындалады. Кіріспе бөлімі, мақсаты мен міндеттері, критерийлері және оқу нәтижелері бекітілген талаптарға сәйкес рәсімделеді.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Бір ауыздан қабылданды.

**Еспенова А.Т.:** «Өнертану» білім беру бағдарламасы бойынша бітіру жұмысы кіріспе, жалпы ережелер, бітіру жұмысының құрылымы, бітіру жұмысына қойылатын талаптар («Өнертану», «Театртану», «Кинотану» және «Кинотеледраматургия» бейіні бойынша), рәсімдеу талаптары, қосымша құжаттарды рәсімдеу талаптары, қорғау тәртібі, бағалау критерийлері, қорытынды және қосымша материалдар бөлімдерінен тұрады.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Бір ауыздан қабылданды.

**Кошенов К.С.:** Биыл «Дизайн» бойынша 1 шифрмен 3 түрлі білім беру бағдарламасы бойынша мамандар шығарамыз. Дипломдық жоба орындайды, жобалар тек видео және аудиоматериалдармен бірге қабылданады. Биыл бізде 3 ББ бойынша 50 студент бітіреді. Рәсімдеу бойынша барлық талаптарға сәйкес кіріспе, мақсаты, міндеттері және оқу нәтижелері толық қамтылған.

**Абишев С.Е.:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Режиссура білім беру бағдарламасы бойынша екі траектория қарастырылған: ойын киносының режиссурасы және теледидар режиссурасы. Ойын киносының режиссурасы бойынша студенттер 10-20 минуттық қыскаметражды фильм түсіреді. Сонымен қатар дипломдық жазба жұмысы 40-45 бет көлемінде орындалады. Жұмыс теориялық бөлімді және қосымшаларды қамтиды. Теледидар режиссурасы бойынша да дипломдық жұмыс ұқсас форматта орындалады. Алайда практикалық бөлімнің мазмұны өзгеше: студенттер журналистік зерттеу, телевизиялық бағдарлама немесе ТВ шоу жанрында жоба дайындайды. Барлық жұмыстар бекітілген талаптарға сәйкес рәсімделіп қабылданады.

**Жумагалиев М.С.:** Бізде екі траектория бойынша студенттер дипломдық жобаны тапсырады. Жоба құрамына фото-видео материалдар, түсіндірме жазбасы және басқа да қосымша материалдар кіреді. Барлық жұмыстар бекітілген талаптарға сәйкес рәсімделіп қабылданады.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Қалған білім беру бағдарламалары бойынша нұсқаулықтар қайда? Осы уақытқа дейін тапсырманы кімдер өткізбеді? Алия Сабиткановна, тізімін жасаңыздар. Өткізбегендерге қатысты тәртіптік комиссияда жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізу қажет. Сонымен қатар, бүгінгі оқу-әдістемелік кеңеске себепсіз қатыспаған комиссия мүшелеріне де тәртіптік шара қолдану керек.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

6.1. Білім беру бағдарламалары бойынша бітіру біліктілік жұмыстарын орындау және рәсімдеу бойынша нұсқаулықтарын бекіту туралы есебі қабылданын.

6.2. Нұсқаулықтардың толық тапсырылуын 10 мамырға дейін қамтамасыз ету және қатаң бақылауға алу Академиялық мәселелер жөніндегі қызметке жүктелсін.

6.3. Құжаттарды уақытылы тапсырмаған кафедра меңгерушілерінің мәселесі тәртіптік комиссияның қарауына жіберілсін және тиісті шара қолданылсын

## Әр түрлі мәселелер

### 7 сұрақ

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі басшысының орынбасары Тлеулинова Ж.А. Шығармашылық жоғары оқу орындарының 2-курс магистранттары арасындағы «Үздік постерлік баяндама» VI Халықаралық байқауының қорытындылары туралы

**Тлеулинова Ж.А.:** Құрметті әріптестер! Шығармашылық жоғары оқу орындарының 2-курс магистранттары арасындағы «Бейне лабораториясы: қазіргі заманғы көркем тәжірибедегі пәнаралық тәсіл» тақырыбындағы «Үздік постерлік баяндама – 2026» VI Халықаралық байқауының қорытындылары туралы қысқаша баяндап өткім келеді. Аталған байқау 2026 жылғы 15 сәуірде «Ғылым апталығы» аясында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің ұйымдастыруымен онлайн форматта өткізілді. Байқауға шетелдік және отандық шығармашылық жоғары оқу орындарының магистранттары қатысты. Жалпы байқауға 38 өтінім келіп түсті, сараптау нәтижесінде 25 жұмыс іріктеліп, 25 магистрант қатысуға мүмкіндік алды. Байқаудың негізгі мақсаты: мәдениет пен өнердің замануи мәселелері саласындағы магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау және жас ғалымдардың зерттеу қызметіндегі инновациялық жетістіктерін көрсету. Байқауға жалпы 9 жоғары оқу орны қатысты, оның ішінде 4-і шетелдік:

- 1) Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті (Астана);
- 2) Алтай мемлекеттік мәдениет институты (Ресей, Барнаул);
- 3) Ургенч мемлекеттік педагогикалық институты (Өзбекстан, Ургенч);
- 4) Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана);
- 5) Өнер және мәдениет мемлекеттік институты (Өзбекстан, Ташкент);
- 6) Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы (Өзбекстан, Ташкент);
- 7) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы);
- 8) Халықаралық білім беру корпорациясы (Алматы);
- 9) Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы).

Қатысушылардың жұмыстарын бағалау үшін халықаралық қазылар алқасы құрылды.

Қазылар алқасының төрағасы:

Халыков К.З. – философия ғылымдарының докторы, профессор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры (Алматы).

Қазылар алқасының мүшелері:

1) Нуркушева Л.Т. – сәулет докторы, Халықаралық білім беру корпорациясының зерттеуші- профессоры (Алматы);

2) Васадзе М. – өнертану докторы, Шота Руставели атындағы Грузия мемлекеттік театр және кино университетінің доценті (Грузия, Тбилиси);

3) Ганиева Л.М. – өнертану кандидаты, Өзбекстан мемлекеттік консерваториясына қарасты Б.Закиров атындағы Ұлттық эстрада өнері институтының профессоры (Өзбекстан, Ташкент);

4) Харламова Т.В. – өнертану кандидаты, PhD, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті Ғылым бөлімінің меңгерушісі (Астана).

Байқау модераторы: Кульшанова А.А. – Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Халықаралық онлайн-байқау жеңімпаздарының тізімі:

I орын:

- Ильяс Ажар Бекзатқызы – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, ғылыми жетекшісі: Сорокина Ю.В.

II орын:

- Завизион Эрик Алексеевич – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, ғылыми жетекшісі: Машурова А.А.

- Хамидулла Шерхан Асхатұлы – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. Ғылыми жетекшісі: Казыбекова Ж.А.

III орын:

- Башкирцева Альбина Сергеевна – Халықаралық білім беру корпорациясы, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, ғылыми жетекшісі: Нуркушева Л.Т.

- Байтанаева Асия Октябровна – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, ғылыми жетекшісі: Батурина О.В.

- Магеррамова Гюльнар Парвиз кызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Ғылыми жетекшісі: Наурызбаева А.С.

Конкурсқа қатысушылар тарапынан да оң пікірлер айтылды. Қатысушылар байқаудың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтіп, алғыс білдірді. Қорытындылай келе, аталған халықаралық байқау жас зерттеушілердің ғылыми әлеуетін арттыруға, тәжірибе алмасуға және шығармашылық байланыстарды нығайтуға зор мүмкіндік берген маңызды алаң болды. Назарларыңызға рақмет!

**Ергөбек Ш.Қ.:** Сұрақ жоқ. Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

7. Шығармашылық жоғары оқу орындарының 2-курс магистранттары арасындағы «Үздік постерлік баяндама» VI Халықаралық байқауының қорытындылары туралы есебі қабылдансын.

**Ергөбек Ш.Қ.:** Құрметті әріптестер, Оқу-әдістемелік кеңес отырысы аяқталды. Қатысқандарыңызға рақмет.

Төраға

Хатшы



Ш. Ергөбек

А. Вырахманова